

Ғылыми мақала

GTAMP 14.35.09

<https://doi.org/10.55956/KUQB3000>

**А.А. Аладина** 

филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
М. Х. Дулати атындағы Тараз университеті  
Тараз қаласы, Қазақстан  
[aladina1950@mail.ru](mailto:aladina1950@mail.ru)

**Ж.Б. Мыханова** 

педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы  
М. Х. Дулати атындағы Тараз университеті  
Тараз қаласы, Қазақстан  
[janar-7171@mail.ru](mailto:janar-7171@mail.ru)

## ЗАМАНАУИ ЖОҒАРЫ ОРНЫ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛ

***Аңдатпа.** Мақалада ерекше тілдік мәртебесіне ие деңгейаралық фразеологиялық-синтаксистік бірліктерінің ерекше классы сипатталады. Фразеологиялық үлгілер тұрақты және ауыспалы элементтері өзара әрекеттесетін синтаксистік бірліктерінің тұтас класын құрайды. Фразеологиялық үлгілер тұрақты және ауыспалы жайғасымдары санына қарай әралуанды қасиеттері бар бірқұрылымды, екіқұрылымды және үшқұрылымды болып бөлінеді. Фразеологиялық үлгілер орыс тілінің барлық функционалды стильдеріне ауызекі тілдің әсері нәтижесі болып табылады және де көпмөлшерлі, көпаспектілі. Фразеологиялық үлгілерді әрі қарай қарастырып, зерттеуді жалғастыру жоспарлануда.*

***Тірек сөздер:** синтаксистік үлгі, фразеологиялық сөзорамы, фразеологиялық үлгі, бірқұрылымды фразеологиялық үлгі, екіқұрылымды фразеологиялық үлгі, үшқұрылымды фразеологиялық үлгі, деңгейаралық фразеологиялық-синтаксистік бірліктер.*

**Кіріспе.** Жоғары оқу орнында «Орыс тілі және әдебиеті мұғалімдерін даярлау» білім бағдарламасы бойынша болашақ мамандарды дайындау барысында синтаксис курсы көбінесе дәстүрлі, классикалық синтаксистің жетістіктеріне сүйенеді. Әрине, студенттер бойында мәтіндердің синтаксистік талдау дағдылары, негізінен, И.С. Тургенев, Ф.М. Достоевский, А.П. Чехов және тағы басқа авторлар шығармаларының классикалық үлгілері бойынша қалыптасады. Тәжірибе көрсеткендей, қазіргі көркем әдебиеті (проза, поэзия, драматургия), публицистика, бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндерін пайдалану орыс тілінің синтаксистік құрылымындағы стилистикалық және құрылымдық өзгерістерін анықтауға мүмкіндік береді. Жүргізілген

зерттеулер негізінде синтаксис дамуындағы алдыңғы қатарлы тенденцияларын студенттерге оқыту арқылы орыс әдеби тілінің қазіргі тенденциялары мен стилистикалық көптүрлілігі туралы білімдерін қалыптастыруға ықпалын тигізуге мүмкіндік береді және де қазіргі мәтіндерді талдауға көмектеседі деп сеніммен айтуымызға болады.

**Зерттеу шарттары мен әдістері.** Соңғы бес жылдың газет мәтіндерінен таңдалған фразеологиялық үлгілер корпусы зерттеу материалы болып табылды. Зерттеу көздері ретінде Қазақстан аймағында, сондай-ақ шетелде жарық көрген орыс тілді газеттері пайдаланылды: «Казахстанская правда», «Комсомольская правда», «Новый регион», «Караван», «Время», «Литер» және т. б.

Жұмыс қазіргі лингвистикасына өзекті болып табылатын жүйелік-құрылымдық тәсіл аясында орындалған. Бұл жұмыста көрсетілген тілдің синкретикалық құбылысы ретінде фразеологиялық үлгілер концепциясының құрылысы мен мазмұнының бірлігі туралы диалектикалық қағида әдіснамалық негізі болып табылды. Зерттеудің теориялық базасы – отандық және орыс филологиясы классиктерінің жетістіктері мен қазіргі синтаксистік концепциялары. Зерттеудің негізгі әдістері: ғылыми синтез және жинақтау әдісі, өрістік құрылымдау әдісі, байқау мен салыстыру әсілдерін қолдана отырып жүйелік-типологиялық әдісі, сонымен қатар құрылымдық-семантикалық және функционалды-семантикалық талдаулар.

**Зерттеу нәтижелері.** Заманауи лингводидактар синтаксистік инновацияларына осы уақытқа дейін толық, қайшы болмайтын сипаттаманы алмаған фразеологиялық үлгілері деп аталатындарды жатқызады.

Орыс тілінің дәстүрлі және қазіргі грамматикасы жай сөйлемнің типологиясы мәселесін шеше отырып, негізгі жіктеу қағидаты ретінде *бірқұрамды/екіқұрамды*: (дәстүрлі грамматика: Н.С. Валгина, П.Л. Лекант, Н.М. Шанский және т. б.) немесе оның *ерікті/фразеологияланған* құрылыстарын пайдаланады (қазіргі грамматика: АГ-70, АГ-80). Фразеологияланған сөйлемдер деп сыңарларының жеке қатынастары мен сөзтұлғасының жеке семантикасы бар сөйлемдерді түсінеді. Бұл сөйлемдерде сыңарлары идиоматикалық тұрғыдан бір-бірімен байланысады, көмекші және есімдік сөздері, демеуліктер мен одағайлар қазіргі синтаксистік ережелеріне бағынбай қызмет жасайды. Фразеологияланған құрылысы бар сөйлемдер мүшеленетін және мүшеленбейтін болуы мүмкін.

Синтаксистік бірліктерінің дәл осындай фразеологиялық құбылысы қазіргі лингвистикалық ғылымындағы екі терминнің бірге болуына ықпалын тигізді: *фразеологияланған құрылысы бар сөйлемдер* және *фразеологиялық үлгі* - сонымен қатар, олардың ұғымдық ажыратылуы қажеттелігіне.

Синтаксистік үлгі ұғымы даулы, пікірталастық ұғымына жататынын атап өту керек. Профессор Г.А. Золоованың «Очерк функционального синтаксиса русского языка» аты жұмысында көрсетілген сөйлем үлгісінің түсіндірмесі ерекше назарды аударуды талап етеді. Г.А. Золотова өзінің «Коммуникативные аспекты русского синтаксиса» атты еңбегінде синтаксистік үлгінің ұғымын нақтылап, анықтайды [2, 98-99 б.]. Белгілі лингвист Г.Я. Солганик орыс тілінің фразеологиялық жүйесінде үлгі бойынша құрылған фразеологиялық орамдары тобы бар екеніне назар аударады [3, 15 б.]. Ғалымның пікірі бойынша, фразеологиялық үлгі – құрылысы (грамматикалық құрылысы), семантикасы мен стилистикалық қызметі бойынша ұқсас фразеологизмдер пайда болып топталатын абстрактық сұлба. Үлгі жекеленген фразеологизмді емес, ал өнімді немесе өнімсізтүрін көруге мүмкіндік береді. Г.А. Солганик фразеологиялық орамдарының деривация әрекеттерін қарастыра отырып, жалпылану әсеріне ұшыраған фразеологизм болып табылатын фразеологиялық үлгінің пайда болуы осы процесстің нәтижесі деп есептейді. Оның салдарынан ол ерекше мағынасы бар тұрақты және де ауыспалы элементтері кіретін синтаксистік үлгіге айналды. Фразеологиялық үлгі контаминцияланған құбылыс болып табылатыны осыдан көруге болады, себебі ауыспалы және тұрақты элементтерінің өзара әрекеттестігіне негізде-

леді. Сонымен, бір жағынан, фразеологиялық үлгі ауыспалы элементтерінің болуына байланысты еркін синтаксистік құрылысымен жақындасады; ал екінші жағынан, оның тұрақты элементтері фразеологизмдермен жақындатады.

Біздің алдымызда келесі сұрақ туындады: Фразеологиялық үлгілердің публицистика тіліне, кейін көркем әдебиет тіліне ену көздері қандай? Сөзсіз, бұл ауызекі сұрапылының әсерінен болған орыс тілінің демократиялану нәтижесі. Осы құрылыстардың белсендірілуі, олардың әдеби тілдің барлық функционалды түрлеріне белсенді түрде енуі туралы лингвист-ғалым Н.Ю. Шведова жазған [4, 28 б.].

Синтаксиске арналған қазіргі әдебиетте фразеологиялық үлгілері деп ерекше деңгейаралық класы - ерекше тілдік мәртебесіне ие (құрылымы және мағынасы бойынша) фразеологиялық-синтаксистік бірліктері түсіндіріледі.

Фразеологиялық үлгінің құрылымы мен формасы ауыспалы және тұрақты элементтерінің өзара әрекеттестігі әсерінен пайда болады; атаушы немесе көмекші сөздері жататын тұрақты элементтер фразеологиялық үлгісі бойынша құрылатын барлық сөйленімдерде өздерінің лексикалық-морфологиялық формасын сақтайды; ал ауыспалы элементтер үнемі осы құрылыстарындағы белгілі синтак-систік жайғасымын толықтырады (белгілі сөзтұлғалары немесе сөздер).

Фразеологиялық үлгіде міндетті (тұрақты) элементтері мен синтаксистік тұрғының кейбір толтыру шектеулігінің (категориялық және лексикалық) болуы оны синтаксистік бірліктен ерекшелейді; ал фразеологизмнен – біршама еркін, ауыспалы элементтерінің болуы.

Сонымен қатар, фразеологиялық үлгінің мағынасын барынша көп жинақталған синтаксистік және жеке, нақты фразеологиялық арасындағы аралық орын алатын фразеологиялық-синтаксистік деп анықтауға болады.

Сонымен, фразеологиялық үлгілер еркін жайғасым (ауыспалы элементтерінің) саны бойынша *бірқұрылымды* (бір орын басатын жайғасыммен), *екіқұрылымды* (екі орын басатын жайғасыммен), *үшқұрылымды* (үш орын басатын жайғасыммен) және т. б. жіктеледі. Әрбір фразеологиялық үлгілердің жіктелу түрі өзінің құрылымдық сұлба жинағына ие.

#### Ғылыми нәтижелерді талқылау

Үшқұрылымды фразеологиялық үлгілерінің екі нұсқасын келтірейік:

1. А, А және А – *еще раз, только* және т. б. факультативтік күшейткіш демеуліктері артынан ілесетін үш еркін, ауыспалы элементтерінен (жайғасымнан) және бір тұрақты (*и* жалғаулығынан) тұратын үшқұрылымды фразеологиялық үлгі. Морфологиялық көзқарас бойынша фразеологиялық үлгіні толықтыру мүмкіндіктері көпнұсқалы: зат есім әр түрлі септіктерінде, әр түрлі формадағы етістік (көбінесе – инфинитив тұлғасындағы), үстеу және кейбір басты сөз таптары еркін жайғасымдарына орналасады.

Алайда барлық жайғасымдарының лексика-морфологиялық толықтырылуы міндетті шарт болып табылады. Егер бұл шарт бұзылса, онда үлгі кәдімгі синтаксистік құрылысына айналады (салыстырайық: *Работа, работа и работа* және *Учение, работа и отдых*). Публицистикалық мәтіндеріндегі көрсетілген фразеологиялық үлгі мысалдарын келтірейік:

1) *По словам президента и главного управляющего, директора медийного агентства OMDMD & PHD Group Дмитрия Барменова,*

медиарынок подошел к кризису в расцвете сил, за последние 6-8 лет рост исчислялся двузначными цифрами, а спрос был гораздо больше предложения. Журналы по 600-800 страниц были заполнены рекламой, и все шло хорошо, но наступил кризис, кризис и еще раз кризис - денег у рекламодателей стало меньше, и это тут же сказалось на медиарынке («Российская газета» газетінен);

2) Чтобы добиться блестящего результата, **нужно убеждать, убеждать и еще раз убеждать** телезрителей («Комсо-мольская правда» газетінен);

3) *Прошу извинить, но речь сегодня пойдет о чертовщине и мистике. Хотя если хорошо подумать, то ничего такого страшного в этом нет, так как: что естественно, то не безобразно. А бояться, точнее сказать, опасаться для человека разумного вполне естественно. Разумный склонен искать и находить логичные объяснения всему, что происходит в окружающем его мире. Когда же он объяснения не находит, ему становится немного не по себе. Это как в детстве: темнота **страшно**, и всего остального **страшно и страшно*** («Магнолия» газетінен).

Сонымен, бұл құрылымдық үлгі мағынасы – қандай да бір қасиеттерінің, сипаттарының, бағаларының қатты күшейтілген (үш рет қайталанғанына байланысты) көрінісі.

2. **Өткен шақ етістігі А, осы шақ етістігі А, келер шақ етістігі А** үлгісі құрылымы, қызметі сипаттамасы мен мағынасы бойынша жоғарыда сипатталған үлгіге жақын. Бірінші үлгі сияқты, бұл үлгі де үшқұрылымды, сол тұрақты элементіне ие, барлық еркін жайғасымдары сол бір лексемамен толықтырылған (бірінші үлгіден айырмашылығы – тек етістіктің болуы). Алайда еркін

жайғасымның морфологиялық формалары әр түрлі: бірінші жайғасымда өткен шақ етістігі, екіншісінде – осы шақ етістігі және үшіншісінде – істің олық аяқталмағандығын көрсететін етістіктің келер шағы [5, 130 б.]. Ұқсас лексикалық толықтырылуы бар өзгеше уақыт парадигмасы түріне ие морфологиялық формаларының айырмашылығы фразеологиялық үлгі мағынасын тудырады: бірдеңенің беріктігін, тұрақтылығын, орнықтылығын пайымдау. Мысалы:

1) **Мы строили, строим и будем строить** («Комсомольская правда» газетінен);

2) **В день годовщины вывода войск из Афганистана возле обелиска воинам-афганцам собрались все, кто помнил, помнит и будет помнить** эту страшную войну («Южный экспресс» газетінен);

3) **Эта фраза вызвала, вызывает и будет вызывать** еще долгое время споры у филологов. («Магнолия» газетінен).

Әлбетте, сипатталатын фразеологиялық үлгі өзінің құрылымын өзгертпейтін нұсқаларына ие болуы мүмкін. Мысалы, келер шақ етістіктің орнына (үшінші жайғасымда) сол мағынаны, бірақ тек лексика тұрғысынан қайталайтыны осы шақ етістіктің қолдануы мүмкін (.....*была, есть и остается*...). Мысалы: *Как мы уже писали, накануне 8 марта в Астане на праздничном концерте в Органном зале Национальной академии музыки выступила легендарная оперная дива. Поистине звездная певица (ее именем названа планета), она **была, есть и остается** человеком очень искренним и открытым. Часовое интервью, которое она давала в праздничный вечер, больше напоминало душевную беседу. Начали мы, конечно, с поздравлений, впечатлений*

*о городе* («Казахстанская правда» газетінен).

Мұнда осы екі фразеологиялық үлгілері бірыңғай сөйлем мүшелерінің қызметін атқарады: бірінші құрылымдық нұсқада – сөйлемнің әрбір мүшелерінің (ауыспалы элементтерінің формасы мен мағынасына байланысты); ал екінші құрылымдық нұсқада – баяндауыштың.

Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында екімүшелі фразеологиялық үлгілері кең таралған.

**Есть А и А.** фразеологиялық үлгісі екі тұрақты (**есть, и**) және бірыңғай бастауыштың синтаксистік қызметін атқаратын атау септік формасындағы қайталанатын зат есім орын алатын екі ауыспалы элементтерінен тұрады. Мысалы: **Есть спорт и спорт!** («Казахстанская правда» газетінен). **Есть вера и вера** («Казахстанская правда» газетінен).

Үлгі мағынасы сөздік белгілену бойынша бірдей ұғымдарында, құбылыстары мен белгілерінде экспрессивтік, энергиялық айырмашылық көрінісі (кейде қарама-қайшылық) ретінде анықталады.

Талданатын фразеологиялық үлгі Мольердің «Лекарь по неволе» атты комедиясынан алынған француз нақышты сөзінен бастау алады, кейін ол фразеологизм болды: *Fagotefagot* (бір байлам және бір байлам) және келесі мағынаны білдіреді «*зат затқа ұқсамайды; сол, бірақ ол емес*». Алдымен бұл нақышты сөз әдеби тілінде кәдімгі шетел фразеологизм ретінде қолданылды. Кейін оның үлгісі бойынша орыс нақыш сөздері пайда бола бастады, бірақ француз тілімен байланыс үзілмеген: үлгі бойынша құрылған нақыш сөздері француз фразеологизмімен бірге қолданылады. Кейінірек, үлгіні меңгеру және белсендендіру

деңгейіне қарай, қайнар көзімен байланыс әлсіреп, жоғалады. Кейбір өзгерістерге ұшыраған фразеологизмнен тек оның формасы, үлгісі мен мағынасы ғана қалады.

Сипатталып жатқан үлгінің тарихындағы қызықты ерекшелігі: сол фразеологизм негізінде құрылған үлгі орыс жерінде дамымады, ал фразеологиялық үлгісі, керісінше, өте өнімді болып шықты.

**А есть А.** фразеологиялық үлгісі жай жалаң екі құрамды сөйлем болып табылады, онда *есть* дәнекер етістігі тұрақты элементін білдіріп, ал ауыспалы мүшелерінің (бастауыш пен баяндауыштың атаулы бөлігінің) жайғасымын атаулы септігіндегі бір зат есім орын алады. Мысалы: 1) *Почему о вранье говорят – «лапшу на уши вешать»?* *Чем провинилась лапша?* **Вранье есть вранье** («Магнолия» газетінен); 2) **Медитация есть медитация, но и она имеет смысл только, если сеанс имеет продолжительность не менее 20 минут** («Магнолия» газетінен); 3) *Дорожные полицейские совместно с работниками акимата проводят рейд по выявлению незаконно установленных «лежачих полицейских».* *Их владельцам грозит административное наказание за создание искусственных помех движению-слухи есть слухи* («Новый регион» газетінен).

Жоғарыда келтірілген мысалдарында үлгі мағынасы осы затқа тән қандай да бір қасиетінің эмоциялық-экспрессивтік білдіруі болып табылады. Бұл мәні ашылған, бірақ оны ашуға және сипаттама беру үшін тікелей атамайтын және басқа сөздерде талап етпейтін (өзінің атауынан басқа) заттың атауымен байланысты.

**А как А.** үлгісі АГ-80-де фразеологияланған құрылыс ретінде қарастырылады [6, 253 б.]. Үлгі **как**

тұрақты элементі мен атау септігіндегі зат есім орын алатын екі ауыспалы элементіне ие. Үлгі мағынасы мынада: аталған тұлға, зат, құбылыс қандай да бір ерекшеліктеріне ие емес; олар кәдімгі, типті. Мысалы:

1) *В Таразе летом пройдет первый всеказахстанский .....шабаи. Шабаи как шабаи: соберутся владельцы всех оккультных магазинов центров хиромантии и заведений нетрадиционной медицины* («Новый регион» газетінен);

2) *Есть в Алматы, казалось бы, улочка как улочка, знакомая многим водителям. По ней устремляется огромный поток машин, которые пытаются в час пик объехать пробки в центре города* («Караван» газетінен);

3) *Из еды была каша как каша-гречневая или пшеничная. Офицерскому составу полагались дополнительно галеты - это такое сухое печенье, пачка папирос, кусочек сала* («Караван» газетінен); Айта кету керек, бұл үлгі ауыспалы мүшелері жайғасымында басқа да септік формаларының қолдануына жол береді: *в доме как в доме; на войне как на войне*; мәселен:

1) *На войне как на войне? Красноярская «Кубань» попала в жесткую мясорубку: с одной стороны громилы, с другой - чиновники...* («Казахстанская правда» газетінен);

2) *Свежий воздух, наполненный всевозможными цветочными ароматами, в горах как в горах* («Казахстанская правда» газетінен).

Синтаксистік формасы бойынша **А от В.** фразеологиялық үлгісі от тұрақты элементі мен екі ауыспалы элементтері бар субстантивті демеулік сөзтіркесі болып табылады: сөзтіркесіндегі бас сөздің жайғасымын (бірінші ауыспалы элементінің) атау септігіндегі жақ

мағынасы бар зат есім орын алады, ал бағыныңқы, анықтауыш сөзінің – іс-әрекет түрін, мамандығын және т. б. білдіретін ілік септігіндегі зат есім алады. Мысалы:

1) *131 человек от казахстанских войск стали полными кавалерами ордена Славы, 520 человек удостоились Героя Советского Союза, а четверо из них (Талгат Бигельдинов, Леонид Беда, Сергей Луганский и Иван Павлов) - даже дважды!* («Казахстанская правда» газетінен);

2) *Молодой референт без обиняков высказал то, что «читается между строк» в выступлениях более солидных деятелей от естествознания и техники* («Караван» газетінен).

Бұл фразеологиялық үлгі, қағида бойынша, әзіл-баға мағынада, белгіленетіннің жағымсыз бағасына ие.

Жоғарыда сипатталған үлгі үшін нұсқа болып әскери тілдің орамдары алынғанын атап кету керек: *генерал от инфантерии, генерал от кавалерии, генерал от артиллерии*. Бұл сөз орамдары неміс атауларынан тікелей аударма мен калька болып табылады, мұнда *генерал* сөзі әскер түріне сілтейтін *von* демеулігі бар зат есімімен түсіндіріледі. Орыс тілінде бағыныңқы ілік септігімен бірге *от* демеулігі тұлға есімдеріне олардың қызмет ету саласын анықтау үшін зат есімдеріне қосылмайды (қазіргі орыс тіліне нормативті *от* демеулігі бар сөзтіркестерімен салыстырайық: *мазь от ожогов, скорлупа от яйца, слабость от болезни*).

Сипатталып жатқан үлгі – әр түрлі (тавтологиялық емес) элементтерінен құралған бірнеше-дің бірі (егер жалғыз болмаса). Және де ол ұқсас синтаксистік бірліктерінен (фразеологиялық үлгілері емес) толықтыру сипаты бойынша өзгеше емес. Үлгінің фразеологиялығы оның синтаксистік

ерекшелігімен құрылады: *от А до И* типтегі нақышты сөздер қазіргі сөзтіркестерінің синтаксистік нормалары бойынша құрылмайды, ал шетел (неміс) нұсқасынан бастау алады, сабақтастық байланыста болып, оның формасын, құрылымын қабылдайды.

Екіқұрылымды фразеологиялық үлгілер арасында ерекше, едәуір үлкен топты тек екі ауыспалы тавтологиялық элементтерінен тұратын А А., үлгілері құрайды. Осы топтың кейбір үлгілерінде тұрақты мүшесі рөлін көмекші сөздері атқарады, бірақ ол фразеологиялық үлгінің ортақ құрылымдық түрін өзгерпейді (себебі демеулік за есімімен бірге бір жатыс септік сөзтұлғасын құрайды).

Қарастырылып жатқан фразеологиялық үлгілерінің басты құрылымдық ерекшелігі атаушы тұрақты сыңарының жоқтығы мен тавтологиялығында. Олардың барлығы сөзтіркесінің тірек сөзімен белгіленетін затқа тән қасиеттері мен сипаттарының ортақ жоғары, шектеулі көріну мәнімен бірігеді. Бұл ортақ мән үлгінің нақты құрылымдық түріне байланысты жіктеледі:

А) *А им. ед. А тв. ед.* (мысал: *пугало пугалом, чудака чудаком; молодец молодецом және т. б.*): *И тем более не удивительно, когда в числе вторых - не могу сказать «коллеги», скорее - «субъекты субъектами», которые на первый взгляд занимаются аналогичной деятельностью. Но только на первый взгляд* («Литер» газетінен).

Б) *Из А род.мн. А им. ед.* (мысал: *из слуг слуга, из купцов купец, из молодцов молодец, из красавиц красавица и т.п.*) *Французский Интернет полнится горячими обсуждениями «из романов романа» Елены Чудиливой «Мечеть Парижской Богоматери»* («Литер» газетінен).

В) *Всем А дат. мн. А им. ед.* (мысал: *всем книгам книга, всем царям царь и т.п.*): *Всем праздникам праздник!* - *Каждый год наблюдаю одну и ту же картину. В День Победы чиновники устраивают праздник ветеранам в парке по одному и тому же сценарию* («Время» газетінен). Бұл үлгі АГ-80-де фразеологияланған құрылысы ретінде қарастырылады.

Г) *А им. ед. над А тв. мн.* (мысал: *мудрец над мудрецами, богатырь над богатырями және т. б.*);

Д) *А им. ед. на А предл. ед.* (мысал: *чудака на чудеке және т. б.*).

Көрсетілген үлгі ауыспалы элементтерімен белгіленгеннің көптік мәніне ие және негативті-бағалау ретінде пайдаланылады.

Сонымен, екіқұрылымды фразеологиялық үлгілер бес нұсқамен көрсетілген:

1. *Есть А и А* – сөз арқылы белгіленген бірдей ұғымдар мен заттарындағы, құбылыстардағы экспрессивті, энергияны білдіретін айырмашылық (кейде қарамқайшылықтың) мәні;

2. *А есть А* - мағынасы осы затқа тән қандай да бір қасиетінің эмоциялық-экспрессивтік білдіруі болып табылады. Бұл мәні ашылған, бірақ оны ашуға және сипаттама беру үшін тікелей атамайтын және басқа сөздерде талап етпейтін (өзінің атауынан басқа) заттың атауымен байланысты;

3. *А как А*- құбылыс пен заттың әдеттілік, типтілік мәні;

4. *А от В* – мысқылды-бағалау мәні, белгіленген жақ немесе заттың кері бағалауы;

5. *А А* – затқа тән қасиеттің, сипатының жоғарғы, шектеулі көріну дәрежесінің мәні.

Екіқұрылымды фразеологиялық үлгілер екі құрамды сөйлемдерді

рәсімдей алады (**Есть А и А; А есть А; А как А**); бастауыш немесе толықтауыш қызметін атқара алады (**А от В; А А**), сонымен қатар баяндауыштың атаулық тұлғасы ретінде бола алады (**А А**) [8, 147 б.].

Сонымен қатар, фразеологиялық үлгілер арасында бірқұрылымды үлгілер (бір ауыспалы элементі бар) едәуір орын алады. Әдеттегідей, бұл тұрақты анықтауыш, бағыныңқы бөлігі мен тірек сөзінің еркін орын басатын жайғасымы бар атаулы сөзтіркестері.

- 1) **А божьей милостью.**
- 2) **А всех мастей.**
- 3) **А номер один.**

Бұл үлгі кең толықтыруы мен жоғары белсенділігімен (көбінесе газет тілінде) сипатталады және ортақ бірінші дәрежелі мәні бар. Осы үлгі үшін, мүмкін, әскери термині нұсқа болып табылды *«готовность номер один»*.

4) **А первой величины.** Мысалы: *перед началом прощального турне звезды первой величины Аллы Пугачевой окружение певицы волновалось, как Примадонна выдержит эти гастроли («Караван» газетінен).*

Барлық осындай фразеологиялық үлгілер бастапқы нұсқа ретінде фразеологизм немесе тұрақты сөзтіркесін қабылдайды (салыстырайық: *поэт, художник божьей милостью* – табиғаттан берілген шығармашылық сый).

Жоғарыда төрт нұсқа болып көрсетілген бірқұрылымды фразеологиялық үлгілері жай сөйлемде бастауыш немесе толықтауыш қызметін атқарады, сонымен қатар баяндауыштың есім бөлігін құрайды [9, 200 б.].

**Қорытынды.** Сонымен, фразеологиялық үлгілерін фразеологизмдер мен синтаксистік құрылыстарынан ажыратуға мүмкіндік беретін ең маңызды сындарлы қасиеттері –бұл

синтаксистікке барабар емес ерекше құрылым, формасы және де синтаксистік пен фразеологиялық мәндеріне ұқсамайтын ерекше мәнге ие.

Осындай әртүрлі синтаксистік категориясын меңгеру үшін студенттерге келесі тапсырмаларын ұсынамыз: 1) сөйлемдерді екі тарауға бөліндер: а) фразеологиялық құрылымды мүшеленетін сөйлемдер; б) фразеологиялық құрылымды мүшеленбейтін сөйлемдер; 2) бұқаралық ақпарат құралдарынан бірқұрылымды фразеологиялық үлгілерін теріп жазыңыздар: а) субъектінің таңдаулылық, бірігейлік мәні бар; б) жағымсыз бағасы бар көптілік мәнімен; в) заттың бірінші дәрежелі мәнімен; г) зат және субъектінің үстемдік мәнімен; 3) екіқұрылымды фразеологиялық үлгілерін бұқаралық ақпарат құралдары немесе көркем әдебиетінен алынған мысалдарымен дәлелдендер: а) тілдік белгіленуімен бірдей тұлға, зат немесе құбылыстардың экспрессивтік өзгешелігін білдіру мәнімен; б) затқа тән қандай да қасиеттің эмоциялық-экспрессивтік білдіру мәнімен; в) айтылған тұлға, зат, құбылыс қандай да ерекшеліктеріне ие емес, әдеттегідей, типтік; г) фразеологиялық үлгі мысқылды бағалау мәніне ие; 4) келесі формуларына сәйкес келетін үшқұрылымды фразеологиялық үлгілерін құрындар: **А, А и еще раз, А. өткен шақ етістігі, А. осы шақ етістігі, А. келер шақ етістігі.**

СӨЖ тапсырмасы ретінде студенттерге бұқаралық ақпарат құралдарынан фразеологиялық үлгілері бар мәтіндерді теріп жазып және оларды келесі сұлба бойынша талдауды ұсынамыз:

- мәтін публицистикалық жанрына жататынын анықтау;

- фразеологиялық үлгісі бар мәтін үзіндісін анықтау;

- фразеологиялық үлгінің құрылымдық типін анықтап (бірқұрылымды, екіқұрылымды, үшқұрылымды), оны көпөлшемді, көпаспектілі синтаксистік құбылыс ретінде сипаттау;

- фразеологиялық үлгінің тұрақты және ауыспалы элементтерін анықтау; фразеологиялық үлгінің семантикасы мен синтаксистік рөлін және де мақаланың мәтінді кеңістігіндегі композициялық стилистикалық қызметін анықтау. Тапсырма соңында теориялық және тәжірибелік материалды сараптамалық тезис түрінде жинақтап және жүйелеп алуды ұсынамыз.

Сонымен, қазіргі орыс тілінің синтаксисі бойынша сабақтарында осы инновациялық материалдарын талдау келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

1. Фразеологиялық үлгілер ерекше тілдік мәртебесіне ие деңгейаралық фразеологиялық-синтаксистік бірліктерінің ерекше классын құрайды.

2. Фразеологиялық үлгінің құрылымы мен формасы айыспалы және тұрақты элементтерінің өзараәрекеттестігі арқылы құрылады; тұрақты элементтері (атаулы және көмекші сөздер) өздерінің лексика-морфологиялық формасын фразеологиялық үлгі бойынша құрылған барлық сөз нақыштарында сақтайды; ал ауыспалы элементтері осы сөзорамдарына белгілі синтаксистік жайғасымдарын жиі толықтырып тұрады (белгілі сөзтұлғалары немесе сөздер).

3. Фразеологиялық үлгі еркін синтаксистік бірліктен міндетті (тұрақты) элементтері және

синтаксистік жайғасымдарын біршама толықтыру шектеулігімен (категориялық және лексикалық) ерекшеленеді; ал фразеологизмнен – біршама еркін, ауыспалы элементтерінің болуымен.

4. Фразеологиялық үлгінің мәнін барынша жинақталған синтаксистік пен жеке, нақты фразеологизм арасындағы аралық жайғасымына орналасатын фразеологиялық-синтаксистік деп анықтауға болады.

5. Фразеологиялық үлгілер еркін жайғасымына қарай (ауыспалы элементтерінің) бірқұрылымды (бір орын басатын жайғасымына қарай), екіқұрылымды (екі орын басатын жайғасымына қарай), үшқұрылымды (үш орын басатын жайғасымына қарай) және т.б.; әрбір фразеологиялық үлгілердің жіктелу типінің өзіндік құрылымдық сұлбасы болады.

6. Фразеологиялық үлгілер жай сөйлем мүшелерінің қызметін атқара алады, жай сөйлемнің предикатив орталығын қалыптастырады.

7. Қазіргі орыс тілінде фразеологиялық үлгілер бірнеше қатар факторлары әсерінен белсенді түрде мүлдем өзгере алады: жаңарады, мәнерлілік, авторлық оқылымы және т. б. үшін өзгереді.

8. Фразеологиялық үлгіні зерттеу әр түрлі тілдік деңгейлерінің тығыз өзара әрекеттестігіне тән бір жүйе ретінде тілді талдау тұрғысынан өте маңызды [10, 96 б.]. Бұл үдеріс жаңа деңгейаралық (фразеологиялық-синтаксистік) бірліктерінің пайда болуына әкеледі. Бұл студенттерді басқа да деңгейаралық бірліктерін іздеп және зерттеуіне себеп болады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Золотова, Г.А. Орыс тілінің функционалды синтаксисінің очеркісі. Л., 1973 – 350 б.
2. Золотова, Г.А. Орыс синтаксисінің коммуникативтік аспектілері. Л., «Наука», 1982 – 363 б.
3. Солганик, Г.Я. Орыс тіліндегі фразеологиялық үлгілер. РЯШ, 1976 - № 5
4. Шведова, Н.Ю. Орыс ауызекі тіліндегі фразеологиялық құрылыстарының кейбір типтері. // Тіл білімі мәселелері – 1997 - № 6

5. Лекант, П.А. Қазіргі орыс тіліндегі баяндауыштың типері мен формалары. – ИИУ МГОУ, 2017. – 130 б.
6. Орыс грамматикасы. II т. Синтаксис. М., «Наука», 1980 – 663 б.
7. Валгина, Н.С. Қазіргі орыс тіліндегі белсенді үдерістер. – Логос, 2003. – 304 б.
8. Галкина-Федорчук, Е.М. Қазіргі орыс тілі. Е.М. Галкина-Федорчук, К.В. Горшкова Н.М. Шанский – Либроком, 2006. – 347 б.
9. Третьякова, И.Ю. Қазіргі фразеологияның модельдеу аспектілері // Кострома мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2009. – 15 т. - № 4 – 200-203 б.
10. Валгина, Н.С. Қазіргі орыс тілі. – Логос, 2003. – 216 б.

**А. А. Аладьина, Ж.Б. Мыханова.**

*Таразский университет им. М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан*

### **ИННОВАЦИОННЫЙ МАТЕРИАЛ НА ЗАНЯТИЯХ В СОВРЕМЕННОМ ВУЗЕ**

**Аннотация:** В статье описывается особый класс межуровневых–фразеолого-синтаксических единиц, обладающих особым языковым статусом. Фразеологические модели представляют собой целый класс синтаксических единиц, в которых взаимодействуют постоянные и переменные элементы. Фразеологические модели по количеству постоянных и переменных позиций делятся на одноструктурные, двуструктурные и трехструктурные с частными разновидностями, выделяющимися внутри каждой из них. Фразеологические модели являются результатом воздействия разговорной стихии на все функциональные стили русского языка, являясь явлением многомерным и многоаспектным, они нуждаются в дальнейшем изучении.

**Ключевые слова:** синтаксическая модель, фразеологический оборот, фразеологическая модель, одноструктурная фразеологическая модель, двуструктурная фразеологическая модель, трехструктурная фразеологическая модель, межуровневые фразеолого-синтаксические единицы.

**A. A. Aladina, Zh.B. Mykhanova**

*M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan*

### **INNOVATIVE MATERIAL FOR CLASSES AT A MODERN UNIVERSITY**

**Abstract:** This article describes a special class of interlevel phraseological-syntactic units with a unique linguistic status. Phraseological models represent an entire class of syntactic units in which constant and variable elements interact. Phraseological models are divided into single-structure, dual-structure, and triple-structure models, each with distinct variations based on the number of constant and variable positions. Phraseological models are the result of the influence of conversational elements on all functional styles of the Russian language. Being a multidimensional and multifaceted phenomenon, they require further study.

**Keywords:** syntactic model, phraseological unit, phraseological model, single-structure phraseological model, dual-structure phraseological model, triple-structure phraseological model, interlevel phraseological-syntactic units.

#### **References**

1. Zolotova, G.A. Ocherk funktsional'nogo sintaksisa russkogo yazyka [Essay on the functional syntax of the Russian language]. L., 1973 –s.350 [in Russian]
2. Zolotova, G.A. Kommunikativnyye aspekty russkogo sintaksisa [Communicative aspects of Russian syntax]. L., "Science", 1982 - p. 363 [in Russian]

3. Solganik, G.I. Frazеologicheskiye modeli v russkom yazyke [Phraseological models in Russian. RYASH], 1976 - No 5 [in Russian]
4. Shvedova N. Yu. O nekotorykh tipakh frazeologizirovannykh konstruktsiy v russkoy razgovornoy rechi [On some types of phrasal constructions in Russian conversational speech]. // Questions of linguistics -1997 - No 6 [in Russian]
5. Lecant P.A. tipy i formy skazuyemogo v sovremennom russkom yazyke. – IIU MGOU [Types and forms of the predicate in modern Russian. – IIU MGOU], 2017. – P. 130 [in Russian]
6. Russkaya grammatika [Russian grammar]. T. II. Syntax. M., "Science", 1980 - p. 663 [in Russian]
7. Valgina, N.S. Aktivnyye protsessy v sovremennom russkom yazyke [Active processes in modern Russian]. - Logos, 2003. - P. 304. [in Russian]
8. Galkina-Fedorchuk E. M., Gorshkova K. V., Shansky N. M. Sovremennyy russkiy yazyk [Modern Russian language]. - Librokom, 2009. - 347 s. [in Russian]
9. Tretyakova I. Yu. Aspekty modelirovaniya sovremennoy frazeologii [Aspects of modeling modern phraseology] // Bulletin of the Kostroma State University. - 2009. - T. 15. – No. 4. – P. 200-203. [in Russian]
10. Valgina N. S. Sovremennyy russkiy yazyk [Modern Russian language]. - Logos, 2006. - 216 p. [in Russian]

20.02.2026 ж. баспаға түсті  
31.03.2026 ж. басып шығаруға қабылданды

*Мақалаға сілтеме:*



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).